

Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ



Ө.А. БАЙҚОҢЫРОВ АТЫНДАҒЫ ТАУ-КЕН
МЕТАЛЛУРГИЯ ИНСТИТУТЫ

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР және
ЖАБДЫҚТАР КАФЕДРАСЫ



КОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд.,

қауымдастыр. профессор

К.К. Елемесов

«06» 05 2019ж

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Кәсіптік колледждерде арнайы пәндерді оқыту үрдісі барысында
білім алушылардың сыни ойлауын қалыптастыру»

5B012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы

Орындаған

Әнеш Данагүл Сәуірбекқызы

Ғылыми жетекші

т.ғ.к. Бортөбаев Сайын Абильханович

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Технологиялық машиналар және жабдықтар кафедрасы


5B012000 – Кәсіптік оқыту

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд.,

қауымдастыр. профессор

 Қ.К. Елемесов

« 11 » 12 2018 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы: Әнеш Данагүл Сәуірбекқызы

Тақырыбы: Кәсіптік колледждерде арнайы пәндерді оқыту үрдісі барысында білім алушылардың сыни ойлауын қалыптастыру.

Университет басшысының 2018 жылғы «08» қазанда №1113-б бұйырығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы 03 мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілгендері: Алматы мемлекеттік политехникалық коллежі жайлы мәліметтер, оқыту үрдісі, оқу жоспарлары, әдістемелер, кадрлық құрамы, материалдық-техникалық және өндірістік базасы.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Жалпы бөлім (сын тұрғысынан ойлау жайлы жайлы және оның колледж оқушыларында қалыптастыру жайлы отандық және шетелдік әдебиеттерге шолу жасау).

ә) Технологиялық бөлім (арнаулы пән бойынша таңдалған технологияны, оған қолданылатын жабдықтарға сипатама беру.)

б) Әдістемелік бөлім (политехникалық колледж туралы мәліметтер; колледждегі оқу үрдісінің ұйымдастырылуына зерттеу жүргізу, сын тұрғысынан ойлаудың даярланатын мамандардың сапасына әсерін зерттеу)

в) Еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы (пісіруші мамандарды даярлаудағы еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі мәселелері)

АНДАТПА

Дипломдық жұмыста кәсіптік колледж студенттеріне арнайы пәндерді оқыту барысында интербелсенді әдістермен сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыру және дамыту мәселесі қарастырылған. Арнайы пән ретінде «Әмбебап верстактар» тақырыбы алынды. Білім алушыларға осы тақырып бойынша өндірістік сабақ ұйымдастырылды.

Нәтижесінде студенттер практикалық және теориялық сабақ барысында тақырыптың мәнін және білім алудың қажеттігін түсінеді. Сыни ойлауға, өзін-өзі тануға және реттеуге, өзінің оқуы үшін жауапты болуға дағдыланады.

Дипломдық жұмыс 4 бөлімнен, 11 суреттен, 2 кестеден тұрады. Жалпы көлемі 35 бет.

АННОТАЦИЯ

В дипломной работе рассматриваются проблемы формирования и развития критического мышления интерактивными методами при изучении специальных дисциплин для студентов профессионального колледжа. В качестве специального предмета была приобретена тема "Универсальные верстаки". Для обучающихся были организованы производственные занятия по данной теме.

В результате изучения практических и теоретических занятий студенты понимают сущность темы и необходимость получения знаний. Учителя критическому мышлению, самопознанию и регулированию, нести ответственность за свое обучение.

Дипломная работа состоит из 4 разделов, 11 рисунков и 2 таблиц. Общий размер 35 страниц.

ANNOTATION

The thesis deals with the problems of formation and development of critical thinking interactive methods in the study of special disciplines for students of professional College. The theme "Universal workbenches" was acquired as a special subject. For students was organized by the industrial classes on the subject.

As a result, students in the course of practical and theoretical studies understand the essence of the topic and the need for knowledge. Learns critical thinking, self-knowledge and regulation, be responsible for their training.

Students were given a lesson on this topic. Thesis consists of 4 sections, 11 figures and 2 tables. The total size is 35 pages.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	5
1	Жалпы бөлім	6
1.1	Сын тұрғысынан ойлау технологиясының педагогикалық сипаттамасы	6
1.2	Сын тұрғысынан ойлау технологиясының интербелсенді әдістері	7
1.3	Интерактивті әдістерін пайдалану арқылы өткізілетін тренинг сабақ	10
1.4	Интерактивті оқыту әдісінің тиімділігі	11
2	Технологиялық бөлім	13
2.1	Шеберханаға арналған әмбебап верстактар және ондағы кесу процесі	13
2.2	Әмбебап верстактардың құрлысы және сипаттамалары	15
2.3	Әмбебап верстактардың түрлері	17
2.4	Әмбебап верстактар туралы пайдалы кеңестер	20
3	Әдістемелік бөлім	21
3.1	Кәсіптік колледжде арнайы пәндерді оқыту үдерісінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану	21
3.2	Тәжірибиелік –эксперименталды жұмыстың нәтижесі	24
4	Еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы бөлімі	30
4.1	Еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы туралы іс-шаралар	30
4.2	Машина жасау цехтарын дайындау кезінде қауіпсіздік. Ағаш цехында қауіпсіз жұмыс істеу ережелері	31
4.3	Әмбебап верстакпен жұмыс істеу барысындағы қауіпсіздік ережесі	31
	Қорытынды	33
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	34

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық өзгерістердің ауқымдылығы, күрделілігі білім беру саласына, оның ішінде кәсіптік колледждерде білім беру стратегияларына өзгерістер енгізуді талап етеді. Әр түрлі болжамдардың сан алуандығына қарамастан, қазіргі білім беру жүйесін дамыту үрдісінде жаңа оқыту мен тәрбие үлгілеріне, мазмұнына, технологияларына, түрлері мен әдістеріне қатысты шығармашылық ізденістердің қарқындылығымен әрі көп түрлілігімен ерекшеленетінін мойындауға болады.

Қазіргі білім берудің барлық деңгейлерінде зерттеулік, компьютерлік, жобалық және көптеген өзге де инновациялардың кең ауқымы байқалады. Алайда, бұл инновациялардың басым көпшілігі технологиялық жеткіліксіздігі мен теориялық негізінің әлсіздігі салдарынан жаппай білім беру жүйесіне айтарлықтай ықпалын тигізе алмай келеді.

Қазақстанда білім беру жүйесіндегі басқару мәселелері де ғалымдардың зерттеу нысанынан тыс қалмады. Оны республика ғалымдары бірнеше бағытта зерттеді. Айталық, жоғары оқу орындарында білім беру жүйесіндегі оқу үрдісін басқару Н.Асанов, Ш.Т.Таубаева, С.С.Хасенов, Е.Ш.Қозыбаев, жалпы орта білім беру жүйесіндегі мектепті басқару Н.А.Әбішев, К.Д.Қарақұлов, кәсіптік-техникалық білім жүйесіндегі оқу үрдісін басқару Б.К.Момынбаев, К.Ө.Өстеміров, және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Кәсіптік колледждерде арнайы пәндерді оқыту үрдісінде сын тұрғысынан ойлау технологияны енгізудің түбегейлі түрде қарастырылмағаны және көтеріліп отырған мәселенің көкейтестілігі біздің зерттеу тақырыбымызды «Кәсіптік колледждерде арнайы пәндерді оқыту үрдісі барысында білім алушылардың сыни ойлауын қалыптастыру» деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеудің нысаны: кәсіптік колледждерде арнайы пәндерді оқыту үрдісіндегі инновациялық технологиялар.

Зерттеудің пәні: кәсіптік колледждерде арнайы пәндерді оқыту үрдісінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану процесі.

Зерттеудің мақсаты: кәсіптік колледждерде арнайы пәндерді оқыту үрдісінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдануды теориялық негіздеу және практикалық жүзеге асыру.

Зерттеудің міндеттері:

- кәсіптік колледждерде арнайы пәндерді оқыту үрдісінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын ендірудің теориялық негіздерін анықтау;
- кәсіптік колледж студенттеріне сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы арнайы пәндерді оқыту үрдісінде пайдаланудың тиімді жолдары мен әдістерін анықтау және практикалық негіздеу құрастыру.

1 Жалпы бөлім

1.1 Сын тұрғысынан ойлау технологиясының педагогикалық сипаттамасы

Инновациялық тәсіл оқу процесіне – тіршілік және әрекет етудің даму динамикасы ерекшелігіне, дистанциялық оқудың өзгешелігіне және жеке тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің талаптары мен әлеуметтік пайдалы білім алуына, сеніміне, мінез-құлықтың сапасы мен өзгешелігіне, тәлім тәжірибесі мен қатынасына негізделген жаңалық енгізуге бағыттайды [1].

Бүгінгі таңда жеке тұлғаны емес, оның даму процесін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Ал бұл, педагог жұмысындағы артықшылық жанама педагогикалық ықпал жасауға берілетіндігін білдіреді: тікелей жасалатын әдістерден, лозунгтардан және үндеулерден бас тартылады, артық дидактизмнен, ғибаратты сарыннан тежелуді; оның есесіне бірінші орынға қарым-қатынас жасаудың сұхбаттық әдістерін, шындықты бірлесіп іздеуді, сан алуан шығармашылық әрекетті тәрбиелеуші шарттарды жасау арқылы дамытуды білдіреді. Негізгі әдістемелік инновациялар бүгінгі таңда оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен байланысты. «Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter»- бұл «өзара», «act» - әрекет ету дегенді білдіреді.

Интерактивті сөзі - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады.

Бұл өзара әрекеттестіктің ерекшелігі мыналардан тұрады:

- білім субъектілерінің бір мағыналық кеңістікке келуі;
- күрделі мәселелер өрісінде шешілетін тапсырмаларды бірігіп көтеру, яғни бірыңғай шығармашылық кеңістікке қосылу.

Интербелсенді оқытудың мәні мынада, оқу процесі іс жүзінде барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы тиіс, олардың осыған байланысты не біледі, нені ойлайды түсінуге және рефлекскеуге мүмкіндігі болуы тиіс. Таным процесінде оқушылардың біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара үлесін қосатын, оқу материалдарын меңгеруді білдіреді, білімдерін, идеяларын, іс-әрекет тәсілдерін алмасу жүргізіледі. Және де бұл мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады, ол тек қана жаңа білім алуға мүмкіндік беріп қоймайды, таным әрекетінің өзін де дамытады, оны қызметтестік пен кооперацияның әлде қайда жоғары нысандарына ауыстырады. Сондай-ақ, интербелсенді әдістердің мәндік

ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі [2].

Қытайдың бір нақыл сөзінде: «Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін» делінген. Осы сөздерден интерактивті оқытудың мәні өз көрінісін табады.

1.2 Сын тұрғысынан ойлау технологиясының интербелсенді әдістері

Интербелсенді әдістерді пайдалану кезінде оқушылар түсіну процесіне толық қанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ оқушыларды өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интербелсенді оқытуда оқытушы мен оқушының өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі оқушының белсенділігіне орын береді, ал педагогтың тапсырмалары олардың инициативасы үшін жағдай жасаушы болады.

Педагог өзі арқылы оқу ақпаратын жіберетін, өзіне тән фильтр рөлінен бас тартады, және жұмыста ақпарат көздерінің біреуінен көмекші рөлін атқарады. Интербелсенді оқыту интенсивті оқытуда да кеңінен қолданылады. Бұл әдістерді игеру және қолдану үшін, оқытушыға топтық өзара әрекеттердің әр түрлі әдістемелерін білу қажет. Интербелсенді оқыту өзара түсінікті, өзара әрекеттестікті, өзара байытуды қамтамасыз етеді. Интербелсенді әдістер ешқандай жағдайда да дәрістік материалдардың орнын ауыстырмайды, бірақ оны жақсы меңгеруге септігін тигізеді, және ең маңыздысы: пікірді, қатынастарды, мінез-құлық машығын қалыптастырады [3,4].

Интербелсенді оқыту әдістеріне білім алу және оны дамыту процесіне белсенді ат салысуға тарту жатады: 1 Кестеде интербелсенді оқытудың әдістері көрсетілген.

1 Кесте. Интербелсенді оқыту әдітері

«Ми штурмы» (шабуыл)	Шағын-лекциялар
Топтардағы жұмыс	Бақылау парағы немесе сынақ
Рөлдік ойын	Ойын жаттығулары
Жобаны әзірлеу	Жағдайлық тапсырмаларды
Сапаршыны (визитерді) шақыру	Сарапшы топтарының пікірсайыстары
Сұхбаттар	Сахналау
Жағдайдан жеңілу	Оқушының рөліне ену
Сюжеттік суреттерді талқылау	Сұрақ – Квиз (бақылау) және т. б.

Интербелсенді әдіске, сондай-ақ, әр түрлі көмекші құралдарды пайдалана отырып: тақта, кітаптар, бейне материалдар, слайдылар, флипчарттар, постерлер, компьютерлер және т.т. таныстырулар жатады. Сонымен қатар, оқу процесіне топтық пікірсайыстар, жазбаша мазмұндамалар және шығармалар, сұхбаттар, жастарды «тең – теңімен» қағидаты бойынша құрдастарымен жұмыс істеуге оқыту, бейнефильмдер мен бейнесюжеттерді қарап шығып талқылау, әртүрлі науқандар мен акцияларды өткізу.

«**Ми шабуылы**», «**ми штурмы**» («**дельфи**» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек.

«**Ми шабуылы**» хабарландыруды анықтау керек болғанда және/немесе қатысушылардың белгілі сұраққа қатынасы кезінде қолданылады. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Өткізу алгоритмі:

- қатысушыларға талқылау үшін белгілі бір тақырып немесе сұрақ беру;
- осы мәселе бойынша өзінің ойын айтуға ұсыныс жасау;
- айтылғандардың барлығын жазу (олардың бәрін қарсылықсыз қабылдау керек). Егер сізге ол түсініксіз болатын болса, айтылғандарды қайталап анықтауға жол беріледі (кез-келген жағдайда идея қатысушының аузынан қалай шықса, солай жазылады).

- барлық идеялар мен талқылаулар айтылып біткеннен кейін, берілген тапсырма қандай болғанын қайталау керек, және қатысушылардың сөзінен сіз не жазып алдыңыз соның барлығын тізіп шығу керек;

- қатысушылардан, олардың пікірі бойынша алынған нәтижеден қандай қорытынды жасауға болатынын және тренингтің тақырыбымен байланысты оның қалай болатынын сұрай отырып жұмысты аяқтау қажет.

«**Ми шабуылы**» аяқталғаннан кейін (көп уақытты алмай, орташа 4-5 минут), жауаптың барлық нұсқаларын талқылау керек, бастыларын және келесілерін таңдау қажет. «**Ми шабуылы**» қажеттілігіне қарай тиімді әдіс болып табылады:

- даулы мәселелерді талқылау;
- талқылауға қатысуға онша сенімді емес қатысушыларды ынталандыру;
- қысқа мерзім ішінде идеяны көптеп жинау;
- дәрісханалардың дайындығы мен хабарландырылуын анықтау.

Шағын топтардағы жұмыс. Алдын ала сақтандыру оқуы процесін оқушыларға шамамен жобалап құру қажет. Аталған жағдайда ең тиімдісі топтарда жұмыс істеу. Мұндай жағдайда оқытушы диагностика мен мониторингті қамтамасыз етеді, оқу-жаттығу ортасын ұйымдастырады, алғашқыда басқа ресурстар болмаса қолдау (кеңес, нұсқаулар береді) көрсетеді. Ұқсастығын немесе белгілі бір құбылыстардың айырмасын

жариялау қажет болса, жұмыстың мұндай нысаны қолданылады, қатысушылардың әр түрлі топтарының бір және сол мәселеге қатынасын анықтайды.

Рөлдік ойын. Рөлдік ойын - бұл өмірлік жағдайлардың белгілі бір мінез-құлық немесе эмоционалдық жақтарын меңгеру ниетінде алдын-ала бөлінген рөлдер арқылы қатысушы топтардың сахналап ойнауы.

Рөлдік ойындар шағын топтарда (3-5 қатысушы) жүргізіледі. Қатысушылар карточка арқылы (тақтада, қағаз парақтарда және т.б.) тапсырма алады, рөлдерді бөледі, жағдайды ойнайды және барлық топқа ұсынады (көрсетеді). Оқытушы балалардың мінез-құлқын ескере отырып рөлді өздері бөледі. Бұл әдістің артықшылығы сол, әрбір қатысушы өзін ұсынылған рөл жағдайында көрсетеді, сол не басқа жағдайды айтарлықтай шынайы байқайды, сол не басқа әрекеттердің салдарларын сезінеді және шешім қабылдайды. Жұмыстың аталған нысаны ойын жағдайларын құрастыру жолымен, тапсырылған шарттармен алдын ала белгіленген мінез-құлқын, сол немесе басқа жағдайларда адамдардың мінез-құлқы мен эмоционалдық реакциясын бейнелеу үшін қолданылады.

Жобаны әзірлеу. Бұл әдіс қатысушыларға ойша аудиториялардан шығып, талқыланатын мәселе бойынша өз әрекетінің жобасын жасауға мүмкіндік береді. Ең бастысы, топ немесе жекелеген бөлімшелердің өз жобасын қорғайтын, басқалардың алдындағы өзінің артықшылығын дәлелдейтін және достарының пікірін білуге мүмкіндігі болады. Мысалы: өзінің қаласындағы дүлей апаттың қаупін төмендету жөнінде жоба жасау. Қатысушылардың мамандандырылған мекемелерден кеңес алуға, кітапханалардан әдебиеттер алуға және т.б. алуға мүмкіндіктері бар. Қатысушыларға газеттен тақырып мәселелеріне қатысы бар басылымдар, суреттер, мақалалар жинауға, содан кейін бұл материалдарды топ болып талқылауды ұсынуға болады.

Бейнефильмдерді көру және талқылау. Сабақтарда дүлей апаттардың қаупін төмендету жөнінде көркем және деректі бейнефильмдерді, олардың фрагменттерін, сондай-ақ бейнероликтер мен бейнесюжеттерді пайдалануға болады. Тиісті мазмұндағы бейнефильмдерді тек қана қосымша материалдар ретінде емес, сабақтардың және тренингтердің кез-келген түріне оның тақырыбы мен мазмұнына сәйкес пайдалануға болады. Фильмді көрсетер алдында оқушылардың алдына бірнеше (3-5) шешуші сұрақтар қою керек. Бұл келесі талқылауға салудың негізі болады. Алдын ала таңдалып алынған кадрлармен фильмді тоқтатып, пікір сайыс өткізуге болады. Соңында оқушылармен бірігіп міндетті түрде жиынтығын шығару және қорытындысын жариялау керек.

Ширату. Ширату денеге және психологияға түскен салмақты кетіру мақсатында қолданылады. Ширату сондай-ақ коммуникативтік машықты (қарым-қатынасты) дамытуға мүмкіндік береді. Олар мазмұны, іс-әрекеттің нысаны және ұзақтығы бойынша ретті болуы тиіс. Мысалы, айталық, зейінді жинақтауды талап ететін жаттығудың алдында көп қимылды керек ететін ширату ойынын жүргізудің керегі жоқ.

Кері байланыс. Кері байланыс қатысушылардың талқылап отырған тақырыптарының реакциясын ұғынуға, оқуды ұйымдастыру мен өткізудің кемшіліктері мен артықшылықтарын көруге, нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Қатысушылар (ерікті түрде) өткізілген жаттығулар, ақпараттық блок, нақты күн немесе барлық тренинг бойынша өз ойларын айтуды ұсынады. Әрқайсысының сезімдері мен қобалжуларына назар аударып отыру маңызды. Барлық айтылған пікірлер тренерлер тарапынан да, басқа қатысушылар тарапынан да үнсіз, даусыз, түсініктемесіз және сұрақсыз тыңдалуы тиіс. Әрбір сөйлеушіге айтқандары үшін алғыс айтқан дұрыс. Басқалармен тең дәрежеде тренерге де кері байланыс ұсынған дұрыс.

1.3 Интерактивті әдістерін пайдалану арқылы өткізілетін тренинг сабақ

Тренинг. Оқудың интерактивті әдістерін пайдаланумен өткізілетін сабақ тренинг деп аталады. Тренинг дегеніміз не? Тренинг сөзі (ағылшын тілінен train – тәрбиелеу, оқыту, үйрету, машықтандыру) – бұл жұмыс нәтижесіне және қажетті машықты дамытуға қол жеткізуге бағытталған, машықтану және қандай да бір саладағы жүйелі тапсырмаларды, әрекеттерді немесе ойындарды орындай білу. Тренинг оған қатысушыларға ақпарат жетіспейтін бөлімшелерге, құрдастарының қысымына төзе алатындай дағды, тәлім (мінез-құлық) қауіпсіздігі дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тренингтің талассыз беделі – ол оқу процесіне барлық қатысушылардың белсенді болуын қамтамасыз ету болып табылады.

Тренинг өткізуге қойылатын талап қандай? Бұл, ең алдымен:

- тренингке қатысушылардың қолайлы саны 20-25 адам;
- тренингке қатысушылардың көлеміне сәйкес, қатысушылардың өзара белсенді әрекет етуіне мүмкіндік беретін, «тренингтік шеңбер» бойынша орналастыратын орны бар ғимараттың болуы;
- тренингтің кез-келген сабағының басында аталған сабақтың мақсаттарымен және тапсырмаларымен қатысушылардың танысу міндеттілігі;
- тренингтің бірінші сабағында «таныстыру» мен «келісім» қабылдау жаттығуларын – топтардың жұмыс істеу ережесін өткізу;
- достық қалыптағы сенімді атмосфера қалыптастыру және бүкіл тренинг бойында соған қолдау көрсетіп отыру;
- бүкіл тренинг бойында барлық қатысушыларды белсенді араласуға тарту;
- әрбір қатысушының сезімдері мен пікірлерін құрметтеу;
- тренингке қатысушыларды мадақтау.

Тренинг бір немесе бірнеше сабақтан тұрады, олардың ұзақтығы – бір сағаттан бірнеше күнге дейін созылуы мүмкін.

Тренингті өткізу құрылымы мен кезеңдері қандай?

- тренер (оқытушы) ең алдымен қатысушыларға міндетті түрде тренингтің тақырыбын хабарлауы тиіс;

- содан кейін қатысушылар тренингтің мақсаттарымен және тапсырмаларымен таныстырылады. Егер тренингтің мақсаттары және тапсырмалары жазылып, көрінетін жерге ілініп қойылса, онда жақсы;

- тренингті өткізуге қажетті материалдар мен жабдықтар алдын ала дайындалады. Оны дайындауға тренингке қатысушыларды тартуға болады.

Тренингті өткізу тәртібі. Әрбір қатысушы өзінің күтетінін айтып (жазып) болғаннан кейін, тренер-оқытушы оған тренингті өткізу тәртібін хабарлайды. Бұл аталған тренинг-семинардың қаншаға созылатынына, онда қанша сабақ болатынына байланыссыз жасалады. Қатысушылардың сұрақтары бар ма, соны міндетті түрде анықтау керек.

Топтардың жұмыс ережелерін («келісімдерін») қабылдауы. Тренинг-сабағының басынан бастап қатысушылар өз оқуының жауапкершілігін сезінуі, тиісті жұмыс атмосферасын құруы, өзара сыйластық пен сенімге кіруі, сондай-ақ материалды меңгеру тиімділігін арттыруы үшін сабаққа мінез-құлық ережесін – тренинг немесе «келісім» қабылдау ұсынылады. «Келісім» пункттерін парақ қағазға немесе тақтаға жазу қажет. Әрбір пунктті бірігіп талқылағаннан кейін, көпшілік дауыспен қабылданады және көрнекті орынға ілінеді. Тренингке қатысушылардың назарын дауыс берілгеннен кейін олардың әрқайсысы аталған «келісімнің» орындалуы үшін жауап беретіндігіне аудару қажет.

Топтардың хабарландырылу деңгейінің бағасы. Оқытушылардың (тренерлердің) алдында тұрған міндеттердің бірі тренингке қатысушылардың хабарландырылу деңгейін бағалау болып табылады. Осы мақсат үшін тренинг тақырыбы жөнінде сұрақтары бар сұрақнамалар немесе сауалнамалар пайдаланылады. Сауалнамалар барлық тренинг өтіп болғанша сақталады, содан кейін оқушылардың білім деңгейі тағы бір рет бағаланылады. Нәтижелерін салыстыра отырып, қатысушылардың білімдері мен машықтарында қандай өзгеріс бар екенін білу қызық болады. Оның үстіне, тренингтің тиімділігін бағалауға болады.

Мәселелерді маңыздандыру. Мінез-құлықты өзгертуге уәж дайындау үшін тренингте талқыланатын мәселелерге қатысушылардың қызығушылығын ояту керек, бұл мәселені әрқайсысы үшін өзекті етіп жасау керек. Осы мақсатпен рөлдік ойын өткізуге болады [6].

1.4 Интерактивті оқыту әдісінің тиімділігі

Интерактивті оқыту – бұл таным іс-әрекетін ұйымдастырудың арнайы нысаны. Ол толық нақтылықты және болжамды мақсаттарды айтып отыр. Осындай мақсаттың бірі оқушылар өзінің сәттіліктерін, интеллектуалдық жағдайларын, оқу процесінің өзінде қандай өнімді іс істеу керектігін сезінетін, оқудың қолайлы жағдайын жасаудан тұрады.

Интерактивті оқуды ұйымдастырудың міндетті шарттары:

- оқушылар мен оқытушылардың арасында сенімділік, жоқ дегенде позитивті қатынастардың болуы;

- демократиялық стиль;
- оқушылар мен оқытушылардың арасында қарым қатынас жасау процесінде өзара ынтымақтастық болуы;
- оқытушылардың жеке («педагогикалық») тәжірибесі, оқу процесіне ашық үлгілерді, фактілерді, образдарды енгізу;
- ақпарат беретін нысандар мен әдістердің көптүрлілігі, оқитындардың іс-әрекет нысандары, олардың ұтқырлығы;
- іс-әрекеттің сыртқы және ішкі уәждерін қосу, сондай-ақ оқитындардың өзара уәждері.

Біз неліктен интерактивті әдістерге «иә» дейміз? Олар мыналарды:

- жоғары уәжділікті;
- тиянақты білімді;
- қиялдау мен шығармашылықты;
- тез тіл табысуды;
- белсенді өмірлік көзқарасты;
- командалық рухты;
- жеке, дербестіктің құндылығын.

Интерактивтік ойынды сабақта қолдану нәтижесінде студент мынадай мүмкіндіктерге ие болады:

- білім алушылар нақты қызмет тәжірибесін меңгереді;
- студенттер тек бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйренеді;
- оқу процесінде алған білімді нақты істе қолдана білуге мүмкіндік береді;
- уақытты үнемдеуге үйретеді;
- жауапкершілікті сезіне біледі;
- жеткен жетістіктерімен бөлісе алады;
- бір – бірімен қарым – қатынас жасауға дағдыланады.

Оқытушының арнайы пәндерде ұсынылған интерактивтік тәсілді қолдануы студенттердің оқу материалдарын ұғынуын жақсартады оқу сабағын нағыз шындыққа жақындатады және олардың қызығушылықтарын арттыра отырып, объективті шындықты үйренуге итермелейді. Ал, мұндай тәсілдер кәсіби жоғары дәрежелі мамандарды дайындауға және теория мен тәжірибелік білімді біріктіруге көмектеседі. Шыңға өрлеу әрқашан да төменнен басталады, сондықтан студенттерді мамандыққа үйретуді кәсіптік білім жүйесінің алғашқы қадамынан бастау керек. Көрнекті педагог В.Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», — дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени —

ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің де қоғам алдындағы борышымыз [7].

2 Технологиялық бөлім

2.1 Шеберханаға арналған әмбебап верстактар және ондағы кесу процесі

Сіздердің аралырыңызда кім шеберлеуді ұнатпайды? Ол үшін клубта ең болмаса шағын шеберханаға арналған орынды қарастыру қажет. Оны қалай жабдықтау керек, мысалы, есік ойығында немесе кірістірілген шкафта? Ағаш жұмыстарына арналған үстелге қарапайым жапсырманы қалай жасауға болады? "Кез келген талғамға арналған шеберхана" материалдар циклі осы туралы жазылған.

Әмбебап верстак. Онда бір уақытта сырлаушы мен электрик, ағаш шебері мен радиоэуесқой, слесарь мен сантехник еңбек ете алады. Верстак жасау оңай және қауіпсіз-онда 36В жоғары кернеумен ашық ток көздері жоқ. Сонымен қатар, үстелдің жұмыс орындарының бір бөлігі дәнекерлеу, бояу немесе күйдіру кезінде пайда болатын шаң мен зиянды газдарды сорумен жабдықталған. Біздің дизайн жеті орынға есептелген, бірақ бұл сан шартты. Олар көп болуы мүмкін-бәрі сіздің үй-жайыңызға байланысты.

Верстак үстелі өзімен бірге терезенің жақтауының жанында бекітілген ағаш жаңқа плитасын көрсетеді. Плитаның беті қабатты пластикамен, оргалитпен қапталуы мүмкін немесе майлы бояумен ғана боялады. Оқпанда тесіктер бұрғыланған. Олар арқылы ағаш қорапша бойынша желдеткіш зиянды газды сорып, оларды көшеге ауа өткізгішпен бұрады. Үстел арнайы розеткалармен жабдықталған: дәнекерлегіштерді және үстелдік шамдарды қосу үшін – 36 В және электр тұтандырғыштар үшін – 3 В. Төмен кернеуді пайдалану – (36 В) егер оның көзі оқшауланған екінші орамды трансформатор болған жағдайда ғана жұмыс қауіпсіздігін арттырады. Мұндай трансформаторды РНШ кернеудің мектептік реттегішінен жасауға болады. Реттеуіштің корпусынан вольтметр алып, оның орнына әдетте тұтынушыларды қосу үшін қолданылатын клеммдік төлемді орнатыңыз. Онда сақтандырғыштарды орнату керек. Содан кейін барлық бастапқы орамаға оқшаулағыш таспаның 5-6 қабатын, ал екінші ораманың үстіне қоса берілген схема бойынша мұқият орау қажет. Дәнекерлегіштерді төмен кедергісі бар орамамен жабдықтау керек. Жақсы нәтиже нихромды сымды 0,3 мм және ұзындығы 1150 ММ электр үтіктерінен қолданғанда алынады. Оның кедергісі 18 Ом болуы қажет [14].

Верстактың мақсаты. Верстак шеберхана жағдайында пайдалануға арналған, негізінен оны Материалдарды өңдеу бойынша операцияларды орындау үшін жұмыс орны ретінде пайдаланады, мысалы, металды бұрғылау,

ию, дәнекерлеу және басқа да әрекеттер. Сурет 2.1 әмбебап верстақтың шағын түрі көрсетілген.



Сурет 2.1. Әмбебап Верстак

Верстакпен аспапты сақтау, габаритті бұйымдарды құрастыру бойынша жұмыстарды орындау, тұрмыстық құралдарды жөндеу және тек қана ол емес. Оның әр түрлі нұсқаларын автоәуесқойларды гаражға орнатады, өйткені арнайы үстелдің көмегімен автокөліктің алмалы-салмалы тораптарын жөндеу жұмыстарын жүргізу оңайырақ және ыңғайлы. Сондай-ақ, верстақтар түрлі электр құралдарын, шөгінділерді орнату үшін қызмет етеді.

Осы әмбебап верстақтың үсінде жүретін процестерінің ішіндегі кесу процесін айтатын болсам. Кесу - физикалық затты кескіш құралмен тікелей күш әсерімен екі немесе одан көп бөлікке бөлу болып табылады.

Кесу құралдарыны:

- лазер;
- пышақ;
- қайшы;
- жонғылық кескіш;
- шыны кескіш.

Осы керекті заттардың барлығы верстақтың сөрелерінде орналасады. Бұл жерде қайшының әртүрлі түрлері де тұрады. Олар кесудің түрлеріне қарай орналастырылады.

Қолдану принципі. Кесетіннен бұрын кесетін металымыз болсын, затымыз болсын верстақтың үстіне дайындап аламыз. Кеспес бұрын оны кесетін жерін өлшеп, белгілейтін құрылғымен белгілеп дайындаймыз. Кесудің әртүрлі түрлері бар. Және кесу кезінде қолмен, немесе аппарат көзімен жұмыс атқаруға болады. Солардың ішіндегі металдың кесу жолын айтатын болсам.

Металл кесу. Бүкіл тарих бойы өнеркәсіптің негізі болып табылады және онда кескіш құралдардың кең ауқымы қолданылады. Металдарды кесу үшін көптеген әдістер пайдаланылады және оларды физикалық әдістермен топтастыруға болады.

- бөлік қалыптастыру - аралау, бұрғылау, фрезерлеу, айналдыру;
- ауысымдық - перфорациялау, мөртаңбалау, мөрлерді кесу;

- абразивті - ұнтақтау, тегістеу, жылтырату, гидробаздық кесу;
- қыздыру - газды кесу, плазмалық кесу, лазерлік кесу;
- электрохимиялық - қышқылдық қышқылдық, электр разрядты өңдеу.

Әрбір әдіс дәлдікпен, құндылықпен және материалдың әсерімен шектеледі. Мәселен, термиялық әдістер термиялық өңделетін қорытпалардың сапасына зиянын тигізуі мүмкін, ал лазер кесу алюминий сияқты жоғары сәулеленетін материалдарға жарамды. Лазерлік кесу тегіс бөлшектерді шығаруға мүмкіндік береді, сондай-ақ күрделі немесе қарапайым дизайнымен жонғылаумен және гравировкалық бөліктерден тұрады. Бұл әдістер өндірістік процестерді жеделдету және мүмкіндіктері бойынша икемділікті арттыру үшін басқа кесу опцияларымен бірге қолданылады.

Сол сияқты плазмалық кесуге де тоқталсам - плазмалық реактивті кескіштің орнына кесу құралы ретінде пайдаланылатын материалдарды плазмалық өңдеудің бір түрі.

Плазма кесудің артықшылықтары:

- кез-келген металдар өңделеді - қара, түсті, балқытылған қорытпалар және т.б.;
- шағын және орташа қалыңдығын кесу жылдамдығы жалын кесу жылдамдығынан бірнеше есе жоғары;
- оның жылу деформациясын есептемегенде, кішкене және жергілікті жылуды қыздыру;
- жоғары сапалы және кесілген бетінің сапасы;
- технологиялық қауіпсіздік (сығылған оттегі, жанғыш газ және басқа да цилиндрлердің қажеті жоқ);
- кешенді бұйра кесу мүмкін;
- геометриялық пішінде ешқандай шектеулер жоқ;
- металл емес өнімдер үшін пайдаланылуы мүмкін.

2.2 Әмбебап верстактардың құрылысы және сипаттамалары.

Әртүрлі модельдердің құрылымы айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Классикалық орындаудағы жұмыс бөлігі – бұл тірек конструкциясы, оның астындағы ұшырағыш деп аталады. Үстелді бекіту тәсілі бойынша әртүрлі верстактар бар. Олар:

а) дыбыссыз-конструкция алмалы-салмалы, реттелетін, бекітілген, жиналмалы болуы мүмкін және аяқ-тіректерге тіреледі;

ә) бір тумбалы – бір жағынан тіректер, ал қарама-қарсы жағында құрал-сайманды сақтауға арналған жәшіктері бар тумба орналасқан. Және ол классикалық жазба үстеліне ұқсайды;

б) екі тумбалы-столешница әртүрлі жаққа шығарылған екі тумбаға тіреледі, олардың арасында, әдетте, қалқанды және бірнеше сөрелі күшейтеді;

в) үш тумбалы-конструкциясы бойынша бұл алдыңғы нұсқа, бірақ сөрелердің орнында ортасында есік жабылатын жәшіктері немесе сөрелері бар, тағы да бір тумба бар.

Қабырғаға орнатылатын верстактар аспапты және түрлі аспалы элементтерді бекітуге арналған тесіктермен (перфорациямен) жабдықталған. Столшницаның барлық ені бойынша тік панельмен – экранмен жеткізіледі. Экранның жоғарғы бөлігінде жиі жарық орнатылады, ол жиынтықта немесе бөлек сатып алынуы мүмкін. Жарық беретін модельдер жалпы жарықтың жеткіліксіз жағдайында жұмыс істеуге мүмкіндік береді. 2.2 Суретте жоғарғы жағында жарық орналасу арқылы жасалатын верстактың бір түрі көрсетіліп кеткен.



Сурет 2.2. Жоғарғы жағында жарық орнатылған верстак

Габаритті дайындамаларға арналған верстактар бүйір тіректермен бекітілген, және жиналмалы немесе алмалы-салмалы тіректермен жабдықталады. Жарқын мысал-тақталарды бір қолмен оңай қозғалтуға мүмкіндік беретін рольгангалары бар бүйірлі араға арналған әмбебап үстел бар.

Өлшемдері мен салмағы. Шеберлер жеке қалауы мен қажеттіліктеріне сүйене отырып, өз қажеттіліктеріне арналған верстактарды жасайды. Сондай-ақ жұмыс үстелдері жиі нақты бөлмеде орнату, ол орнының өлшемдеріне арналған габариттері бар тапсырыс жасайды. Орташа өлшемдегі верстактардың ұзындығы 1200-1800 мм, ені 700-1000 мм, ал бағанаға дейінгі биіктігі-750-1000 мм. Мысалы, бір уақытта бірнеше адамның жұмыс істеуіне арналған үлкен модельдер ұзындығы 6 метрге жетуі мүмкін, ал жиналмалы шағын нұсқалар соншалықты ықшам болады, бұл жеңіл автомобильдің жүк салғышына салынатындай болады. Жұмыс бетінің реттелетін биіктігі бар қазіргі заманғы верстактар шеберге өз бойынан қосымша құрылыс жасауға мүмкіндік береді, осылайша жұмыс ыңғайлылығын арттырып, белге және жалпы тірек-қимыл аппаратына шамадан тыс жүктемеден аулақ болады.

Жүктеме. Верстак таңдалатын параметрлердің бірі-столшница көтере алатын жүктеме. Олар:

- статикалық-үстелге төзімді салмақты көрсетеді. Орташа алғанда бұл 500-1500 кг.

- динамикалық-инерцияның елеулі күшін тудыратын. Шын мәнінде, бұл соққы әсерінің барынша рұқсат етілген күші.

2.3 Әмбебап верстактардың түрлері

Верстактардың түрлері: а) ағаш ұстасы, ә) Слесарлық, б) стационарлық, в) қабырға, г) тасымалды, ғ) жиналмалы, д) электробзикпен жұмыс істеу үшін, ж) жонғыш араға арналған верстак және т.б түрлері бар. Солардың ішіндегі конструкция бойынша верстакты келесі үлгілердің біріне жатқызуға болады:

а) слесарлық - кәсіби шеберханаларда да, автоәуесқойлардың қарапайым гараждарында да таралған ерекше конструкциялы металл үстелі.

ә) 2.3 Суретте монтаждық үстел - бұл верстактың тағы бір атауы. Ерекшелігі 4-6-миллиметрлік үш жақты борты бар металл қақпақты. Конструкциясы құрал-сайманды сақтауға арналған құрылғылармен, мысалы, сөрелермен және жәшіктермен біріктірілген жұмыс үстелі болып табылады. Қазіргі заманғы орындаудағы жәшіктер жоғары жүктемеге төтеп бере алатын арнайы бағыттағыштар есебінен бүкіл ұзындығына қарай жылжиды, бұл ретте аударылмастан.



Сурет 2.3. Монтаждық үстел

Стационарлық орындаудағы мұндай құрылымдар әлі де өндірістік верстактар деп аталады, олар артқы қабырғаға ие құрал-сайманның астына бекіткіштерді орнату үшін перфорациясы бар экран және т.б. Сток нұсқасында зауыт модельдерінде жұмыс кеңістігін жақсы жарықтандыруды қамтамасыз ететін шамы бар күнқағар бар. Орындаудың жылжымалы нұсқасы құрал-саймандарға арналған.

б) 2.4 Суретте зергерлік верстак. Ағаш алаңы – финагель жапсырылған столшинада жартылай дөңгелек ойығы бар зергердің жұмыс орны.



Сурет 2.4. Зергерлік верстак

Зергерлік құралдарды сақтауға ыңғайлы болу үшін жиі бір тумбалы нұсқа қолданылады.

Қай нұсқаны таңдау керек? Верстак бірінші кезекте шеберханадағы бос кеңістік алаңы негізінде таңдалады. Егер үй-жай мүмкіндік берсе, онда кәсіби қызмет үшін екі тумбалы, көптеген сөрелер мен перфорацияланған экраны бар толыққанды ағаш нұсқасын алуға болады. Бұл жұмыс орнында бар құралдың көп бөлігін орналастыруға мүмкіндік береді. Кіріктірілген розеткалар электр аспапты ұзартқыштарды қажетсіз қоректендіруді қамтамасыз етеді. Сондай верстакты гаражға да, егер бос орын болса, сатып алуға болады. Егер жоқ болса, қабырғаға орнатылған бұрыштық нұсқаларды қолдануға болады. Жұмыс бетінің кіші ені, ұзындығы үлкен болады.

Егер шебердің жеке шеберханасы болмаса, үйге арналған верстакты таңдау үстелдің өлшемін азайтуға негізделеді. Сонымен қатар құралды сақтауға арналған орын қажет. Мұнда бөлменің бір бөлігін жұмыс орнына қайта жабдықтауға тура келеді. Пәтер үшін жағдай ұқсас, бірақ жұмыс уақытында көпфункционалды үлгі орнату арқылы балконның шектеулі кеңістігін пайдалануға болады. Ол электр құралдарын да пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, верстакты таңдау кезінде оның биіктігі маңызды. Бұл мағынада, 2.5 Суретте көрсетілгендей әмбебап нұсқасы телескопиялық аяқтары бар модель болады.



Сурет 2.5. Телескопиялық аяқтары бар верстак

Орташа бойлы адам үшін 700-900 мм көрсеткіштері оңтайлы болып табылады. Верстактың оңтайлы өлшемдері де әр шебермен жеке іріктеледі, бірақ ұзындығы 1,6-2 метр барлық міндеттер үшін жеткілікті деп саналады.

Верстоктар туралы не білу керек?

Ойластырылған конструкциясы мен эргономикасы бар заманауи верстакпен жұмыс істегенде, жұмыс процесінің ыңғайлылығы мен тиімділігін арттыратын құралдың орналасу ережелері бар:

- оң қолмен жасайтын кескіш құрал шебердің оң жағында орналасады;
- екі қол аспабы корпусқа жақын орналасады;
- шебер жиі қолданатын шағын массасы бар құрал жоғарғы жәшіктерде орналастырылады. Ауыр құралмен жағдай кері;
- өлшеу құралы мен құралдары қаптамада сақталады;
- әр түрлі өлшемді бір типті құрал, мысалы, гайка кілттері, үстел жәшіктеріне салу ыңғайлы. Жұмыс аяқталғаннан кейін столшницаның беті мен аспапты қоқыстан тазарту қажет.

Жұмыс үстелі. Көптеген адамдар өз шеберханасын алуды армандайды. Тек оны пәтерде орналастыруға болады ма? Клубқа бөлінген жертөле бөлмесінің бір бөлігін шеберхана үшін ыңғайлырақ деп ойлаймыз. Бірақ мұндай мүмкіндік болмаса, шеберхананы есік қуысында жабдықтауға болады. Ең қарапайым және үнемді шешім-есікті есік қорабында қалдыру, оны кілтке жабу және есік тұтқаларын шешу. Есік төсеміне фанер қалқандары, ағаш жоңқасы немесе ағаш талшықты плиталар келеді немесе оны екі жағынан тұсқағаздармен немесе пленкамен желімдейді. Әрине, егер бөлменің өлшемдері мен жоспары мұны жасауға мүмкіндік берсе.

Бірақ клубта шеберхана болу ыңғайлы, оны жұмыстан кейін орауға болады. Ол үшін жиналмалы жұмыс үстелдері-верстактар қолайлы. Жиналмалы верстакты өзі жасауға болады, мысалы, ескі тумбочкадан, ол құрал-саймандарға арналған шкафқа және берік тақтаға арналған тұғырыққа қызмет етеді. Верстак тақтасын қабырғаға соғылған ілмектерге бекітеді, сондықтан оны шешу оңай. Верстактың басқа нұсқасы ескі картотекалық шкафты немесе тумбочкаларды және қажетсіз жиһаздан бөлшектерді (аяқтарды, тақтайларды) пайдалану болып табылады (сурет.2). Мұндай верстакты бір орыннан екінші орынға ауыстыруға болады, ол оңай жиналады және күрделі жағдайда аз орын алады. 20 мм қалыңдықтағы ескі жиһаздан жұмыс үстелі тақталарын жасауға арналған. Ішкі сөрелер, бүйір қабырғалары, төменгі және артқы қабырғалары желімделген фанер тақталарынан немесе бөлшектер тақталарынан жасалуы мүмкін.

